

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

31.01.2024 ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі
Ә.А. Смайыловқа****Депутаттық сауал****Құрметті Әлихан Асханұлы!**

Бүгінгі таңда ең өзекті міндеттердің бірі – нашақорлық пен есірткі қылмысының алдын алу және қоғамда есірткіге мүлде төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру. Әсіресе, бұл ірі қалаларда ерекше проблемаға айналды.

Қоғамның қатерлі дертіне айналған бұл түйткілге ел Президентінің өзі бірнеше рет арнайы назар аударды. Атап айтсақ, былтыр Түркістанда өткен Ұлттық Құрылтайда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Нашақорлық бұл – ұлт саулығына зор қауіп төндіретін кесел. Есірткі жастардың жанын да, тәнін де улап жатыр. Біз есірткіні қолданудың, дайындаудың және таратудың жолын кесіп, тамырына балта шабуға тиіспіз. Әйтпесе, бүкіл еліміздің болашағы бұлыңғыр болады» деп қадап айтқан болатын.

Мемлекет басшысы таяуда өткен Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында осы мәселеге тағы да тоқталып, есірткінің таралуына қарсы күресті күшейтуді талап етті.

Осынау қоғамдық дертке тосқауыл қою туралы жоғары деңгейде бірнеше рет тапсырмалар берілсе де, өкінішке қарай әлі күнге айтарлықтай нәтиже жоқ.

«Ауруын жасырған өледі» деген. Жасыратыны жоқ, синтетикалық есірткі еліміздің әр қаласында сәт санап тарап жатыр. Ақпарат құралдарынан есірткіні таратушылар мен тұтынушылардың ұсталып жатқаны туралы хабардармыз.

Мәселен, 2023 жылғы қаңтар мен қарашаның қорытындысы бойынша елімізде есірткіге байланысты 7 мың қылмыстық құқықбұзушылық тіркелген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10,1%-ға артық. Бұл айтарлықтай көрсеткіш.

Алғашқы синтетикалық есірткілер Қазақстанда 10 жыл бұрын пайда болған, ал есірткіні зерттейтін жабдықтар мен анықтайтын әдістемелері ескі. Соңғы 5 жылда тәркіленген «синтетиканың» саны 100 есеге артқан.

Былтыр «Қара нарықтан» тәркіленіп алынған есірткінің құны 20 миллиард теңгеден асады. Бұл қолға түскені ғана. Ал мұның сыртында айналып жатқаны қаншама. Бұл сұмдық емес пе?!

Көрсетілген цифрлар елімізде есірткінің тамыр жайып, белең алып кеткенін көрсетеді. Тым қорқынышты көрсеткіш! Бұлай кете берсе, елдігімізге қауіп

төндіреді. Сондықтан бұл тажалға бүкіл қоғам болып қарсы тұрып, бірлесе күресуіміз керек.

Деректерге сүйенсек, синтетика қолданғандар қырыққа жетпей қыршынынан қиылады екен. Есірткіге елтіп, мәңгіру мен торығудың да соңы өлімге әкеліп соғады. Ағзаның мезгілінен бұрын тозып, айықпас ауруға ұшырауы да осы есірткінің салдары. Мамандар есірткіге тәуелді 20 жастағы адамның ағзасы жетпістегі қариямен тең екенін айтады. Бұл – нағыз дабыл қағарлық жағдай!

Таяуда еліміздің жас жігіттері түсірген «МЕФ» фильмінде еліміздегі қазіргі шынайы жағдай көрсетілген. Әрбір клубта, әрбір ортада есірткі таралуда. Бір басын кессең, екінші басы өсіп шығатын жеті басты айдаһар секілді. Бізді алаңдататыны да – осы.

Сондықтан, ғасыр тажалына айналған дерттің жолын кесу үшін оған қарсы тың тәсілдерді ойластыру маңызды. Әсіресе, қоғамдық, саяси, шығармашылық, спорттық ұйымдар мен діни конфессиялар өзара бас біріктіріп, қоғам дертіне қарсы бірлесе әрекет еткені жөн. Бұл іске қалам ұстаған журналистер мен жазылушылары көп блогерлер де, жастар арасында беделді қоғамдық пікір көшбасшылары да атсалысқаны дұрыс.

Есірткі тарату жүйесі – қылмыс әлемінің ажырамас бір бөлігі. Қоғамды шырмауықтай шырмап алған ол оңайлықпен әл бере қоймайды. Сондықтан оған қарсы күрес барынша қатаң болуы тиіс.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Осыған байланысты Сізден барлық мүдделі өкілетті және жергілікті атқарушы органдарды тарта отырып, есірткіге қарсы күреске жұмылдыруда мемлекеттік деңгейде ұзақ мерзімді жүйелі бағдарлама дайындап, Президенттің тапсырмасына сәйкес қатаң қадағалауға алуыңызды сұраймыз. Бұл ретте, заңнамалық, құқық қорғау, әлеуметтік, экономикалық, медициналық, насихаттық және әкімшілік сипаттағы кешенді шараларды қолға алған жөн.

Сонымен бірге, ел азаматтарын да осы мәселеге сергек қарап, есірткіге қарсы күреске белсене атсалысуға шақырамын.

Жауабын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде жазбаша беруді сұраймыз.

**Құрметпен,
«AMANAT» фракциясының мүшелері**

**Д.Б.Тұрлыханов
Б.Б. Керімбек
Е.Т. Әбдиев
С.М. Пономарев**

**«Қазақстан Халық партиясы»
фракциясының мүшесі**

Г.Ш. Танашева

исп. Н.Байкулова
тел. 74-62-11,
bairkulova@parlam.kz